## Қарғалы ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 16 мамырдағы № 144 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 16 маусымда № 5540 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қарғалы ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды аудан әкімінің орынбасары І.Тынымгеревке жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Р.Сыдықов*

Қарғалы ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 16 мамырдағы
№ 144 қаулысына
қосымша

## Қарғалы ауданы бойынша 2017 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| № | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге) | Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір күндіктөлемақы мөлшері (теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балабақша | Балабақша | Балабақша | Балабақша |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қарғалы ауданы Бадамша ауылы "Айгөлек" бөбекжай - балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 173 | 22 088 | 22 088 | 350 теңге |
| 2 | Қарғалы ауданы Бадамша ауылы "Балапан" мектепке дейінгі ұйымы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Қарғалы ауданы, Бадамша ауылы ("Балапан" мектепке дейінгі ұйымы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы санаторлық топ) | 85<br>15 (тәулік бойы) | 19 889<br>73 157 | 19 889<br>73 157 | 350 теңге |
| 3 | Қарғалы ауданы Петропавл ауылы"Байтерек" бөбекжай – балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 120 | 29 856 | 29 856 | 350 теңге |
| 4 | Қарғалы ауданы Ш.Қалдаяқов ауылы "Бөбек" бөбекжай - балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 96 | 29 216 | 29 216 | 350 теңге |
| 5 | Қарғалы ауданы Қосестек ауылы "Балауса" бөбекжай - балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 96 | 30 489 | 30 489 | 350 теңге |
| 6 | Қарғалы ауданы Степной ауылы "Ақбота" бөбекжай - балабақшасы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 47 | 35 413 | 35 413 | 350 теңге |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК